

*¹Юлдашева В.А.  ²Ахметбекова А.К. 

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹venerayuldasheva@inbox.ru, ²aaxbota@gmail.com

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК КЕЛІНДЕРІНІҢ БАСКИІМІНДЕГІ ӘШЕКЕЙ АТАУЛАРЫНА СИПАТТАМА

Аңдатпа. Ұсынылған мақалада қазақ және түрік әйелдерінің дәстүрлі қалыңдық баскиімдеріндегі әшекей бұйымдарының символдық, әлеуметтік және лингвомәдени мән-мағынасы этнолингвистикалық тұрғыдан салыстырмалы талданады. Зерттеу жұмысының мақсаты – қалыңдық баскиімдеріндегі әшекей атауларының семантикалық сипаты негізінде қазақ және түрік ұлттарына тән мәдени кодтар мен дүниетанымдық ұстанымдарды анықтау. Мақалада қазақ және түрік мәдениетіндегі қалыңдық баскиімдерінің типологиясы, олардың мәдени қызметі мен әлеуметтік мәртебе көрсеткіші ретіндегі рөлі қарастырылады. Әсіресе, сәукеле, бөрік, фес, дувак, башлык, тепелік секілді баскиім түрлеріне тағылатын алтын-күміс моншақтар, үкі қауырсындары, «назар бонжук» тұмарлары, шолпылар, салпыншақтар және маңдайша әшекейлердің мағынасы мен қолданылу ерекшеліктеріне баса назар аударылып, талдау жасалды. Аталмыш атаулар негізгі зерттеу материалы ретінде жұмыстың практикалық сипатын арттырды. Қазақ және түрік тілдеріндегі әшекей атауларының салыстырмалы түрде жүйеленіп, этномәдени мәнінің алғаш рет жан-жақты талдануы зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығын айқындайды. Зерттеудің міндеті – ұлттық киім элементтерінің тілдік атауларының мағынасын талдап, лингвомәдени сипаттамасын беру. Аталмыш міндетті орындау барысында атауларды бақылау, жинақтау, лексикалық және семантикалық, салыстырмалы талдау әдістері жүзеге асты. Зерттеу нәтижесінде туыс екі халықтың дәстүрлерінде кездесетін діни наным-сенімдер, әлеуметтік сигналдар мен тілдік бірліктер арқылы әшекейлердің терең мағыналық құрылымы мен мәдени қызметі айқындалып, ұлттық киім мен тілдегі көрінісінің байланысы анықталды.

Кілт сөздер: қалыңдық баскиімі, дәстүрлі киім, сәукеле, фес, дувак, ұлттық әшекей, лингвомәдениет, этнолингвистика, қазақ және түрік мәдениеті.

Кіріспе

Кез келген ұлттың рухани және материалдық құндылықтарының бірегейі ретінде ұлттық киім үлгілері мен әшекейлері маңызды рөл атқарады. Ғасырлар бойы ұлттық киім «мәдениеттің айнасы» саналғандықтан, олардың атауларының семантикалық мәні мен қызметі ұлттың сыртқы сипатын ғана емес, ішкі дүниетанымы мен тұрмыстық ерекшелігін, дәстүрін, тіпті географиялық ортасының сипатын да айқындап беретін басты белгі деп есептейміз. Ұлттық киім өзінің негізгі қызметімен қатар, адам өмірінің кезеңдерін де тануға, ондағы халық танымы мен салтына, дәстүріне сай ұстанымдарды, наным-сенімдерді қамтиды. Мәселен, балалық шақ, жастық шақ, ересек кезең немесе адамның әлеуметтік мәртебесіне сай ерекшеліктерін де анықтауға мүмкіндік береді. Үйлену тойы кез келген ұлттың өмірінің айнымас бөлігі болғандықтан, сондай-ақ қыз баланың өзінің туған отбасынан өзге отбасыға аяқ басуы, жаңа әлеуметтік мәртебеге ие болуы – барлығы оның киімі мен ондағы әшекейлерінің терең этимологиялық әрі семантикалық мәнімен шектеседі. Ұлттық киімнің ерекшелігі оның таңбалық сипатымен, ондағы атрибуттардың мазмұндылығымен де құнды.

Ә. Қайдар: «Әртүрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыстық қатарлар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтар бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін емес» (Қайдар, 1985: 18), - деген

тұжырымын ескере отырып, аталмыш материалдық элементтердің халық мәдениеті мен дүниетанымын танытудағы құндылығы мол екенін түсінеміз.

Қазақ және түрік халықтарының баскиімдері аталмыш ұлттар мәдениетінде маңызды символдық мәнге ие. Олардың әлеуметтік рөлі мен мәдениеттегі орны терең тарихпен байланысты. Әйелдердің баскиімдері тек сәндік элемент ретінде емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік, діни және мәдени, дүниетанымдық мән-мағынаны сақтаушы әрі ұрпақтан ұрпаққа тасымалдаушы құрал ретінде де қызмет атқарады. Әшекейлер – баскиімдердегі маңызды элементтердің бірі ретінде халықтың эстетикалық талғамы мен дүниетанымынан хабар береді. Қазақ және түрік әйелдерінің баскиімдеріндегі әшекейлер, өз кезегінде, қос халықтың мәдениетін, ділі мен дінін, тілін және дәстүрін салыстыра отырып, терең зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында қазақ және түрік тіліндегі қалыңдық баскиімінің әшекей бұйымдарының атауларын бақылау, жинақтау, лексикалық, этимологиялық және семантикалық, салыстырмалы талдау, этнографиялық әдіс, лингвистикалық әдіс және мәдени талдау әдістері жүзеге асты.

Салыстырмалы талдау әдісі, біріншіден, түркітілдес халықтар, соның ішінде қазақ және түрік ұлттарының қалыңдық баскиімдеріндегі ортақ белгілерді айқындауға, екіншіден, олардың әрқайсысына тән көркемдік және мәдени ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Аталған әдіс арқылы қазақтың дәстүрлі *сәукелесі* мен түріктің *başlık* (башлык) немесе *gelin başı* (гелин башлык) үлгілері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар жүйелі түрде сараланды. Зерттеу барысында қазақ сәукелесінің құрамындағы *шолпы*, *жырға*, *қапсырма*, *үкілі тұмар*, *зере*, *ақбүркеншік*, *алтын-күміс өрнектер* секілді әшекейлердің символдық және әлеуметтік мәні түрік мәдениетіндегі қалыңдық баскиімінде кездесетін *taki* (таки), *duvak* (дувак), *başörtü* (башөртү) сияқты элементтермен салыстырылды. Екі ұлттың да баскиімдерінде металл әшекейлер мен ою-өрнек мотивтері кең қолданылғанымен, олардың қызметі мен танымдық мазмұны әртүрлі тарихи-мәдени факторларға байланысты ерекшеленетіні анықталды. Мысалы, қазақ *сәукелесіндегі* үкі – келіннің пәктігі мен сәттілік тілеудің белгісі болса, түрік мәдениетіне тән *duvak* (дувак, неке жамылғысы) көбіне діни-исламдық түсінікпен байланыстырылған. Сонымен қатар, қазақ қалыңдығының баскиіміндегі әрбір әшекейдің әлеуметтік мәртебе мен байлықтың белгісі ретіндегі рөлі түрік нұсқасымен салыстырғанда әлдеқайда айқын көрінеді. Лингвистикалық әдіс бойынша қазақ және түрік қалыңдықтарының баскиіміндегі әшекейлерге тілдік тұрғыдан зерттеу жасалды. Әшекей атауларының семантикасы, этимологиясы, морфологиялық құрылымы, лексикалық мағынасы қазақ және түрік зерттеушілерінің еңбектеріндегі тұжырымдарға сай талқыланды. Әшекей бұйым атауларының атап айтқанда *başlık* (башлык), *taç* (тач) араб, парсы тілінен енгендігі анықталды. Этнографиялық әдіс бойынша қазақ және түрік мұражайлық экспонаттарында, жеке коллекцияларда және этнографиялық альбомдарда сақталған дәстүрлі баскиім әшекейлеріне сипаттама беріліп, олардың этнолингвистикалық ерекшеліктері талданды, қазақ және түрік ұлтына тән сәукеле үлгілерінің арнайы түсірілген фотосуреттері берілді (1,2-суреттер). Сонымен қатар, тарихи деректер мен архивтік материалдарда кездесетін әшекей атаулары қарастырылды.

Талқылау

Қазақ халқының ұлттық сипаты анық көрініп, ұлт дүниетанымында дәстүрлі концептілік мағынаға ие баскиім түрі – сәукеле. *Сәукеле* – XIX ғасырға дейін қазақтың қалыңдық ұзату дәстүрінде қаншалықты белсенді қолданыста болса, бүгінгі таңда да әуелгі мазмұнына сай қолданыстағы қалыңдық баскиім үлгісі. Сәукеле жөнінде өз еңбектерінде И. Георги, Ш. Уалиханов, И. Ибрагимов және т.б. зерттеуші-ғалымдар жазған болатын. И. Ибрагимовтің

жазбасы бойынша – «сәукеле – күміс және алтын теңгелермен, інжумен, сондай-ақ маржанмен әшекейленген, биік конус тәрізді құрастырылған баскиім. Ұзындығы -1,5 аршын» (Ибрагимов, 1972: 141). Аталмыш баскиімді қалыңдық күйеуге шыққан алғашқы күндерінен бастап бір жылға дейін киген, сонан соң төрт немесе бес жыл қатарынан тек қана үлкен той-жиын, мерекелерде киген. XIX ғасырда қымбат сәукелелердің бағасы мың сомға дейін немесе таңдаулы жүз аттың құнына дейін жеткен (Асанова, 2011: 79).

С. Қасиманов қазақ дүниетанымында сәукеле әйел баскиімдерінің ішіндегі ең күрделісі әрі ең әшекейлісі екенін, тіпті Байсақал деген кісінің қызының сәукелесі 500 биеге бағаланғандығын айтады (Қасиманов, 1996: 164). Бұл қазақ қалыңдықтарының баскиімінің дәстүрге сай сәнімен қатар олардың әлеуметтік мәртебесін, қалыңдық шыққан отбасының қоғамдағы орнын, беделін де байқатады.

Қазақ дүниетанымында *сәукеленің* құдіреті мен қасиеті бар деп саналған. *Сәукелені* күн сәулесінің таралуын көрсететін конустық пішінмен, сондай-ақ заттың бетін сәндік түрде әшекейлейтін метал бұйымдармен безендіруге тырысқан. Баскиімнің шеткі жақтауын бойлай көлемді ұзын салпыншақ-шекеліктер ілінген. Кейде олар сәнді тізбекті қатарлар құрайды (Зергерлік өнер әлемі, 2017). Ұзатылар алдындағы қыздың шашының екі бұрым болып өрілуі – жұптық символиканы білдіріп, қыздың бұдан былайғы өмірінің күйеуі және қайын жұртымен ортақтығы, алдағы тағдыры меңзеледі. Қыздың шашын өрудің этнографиялық символикасы түркі, тіпті әлем халықтарының көбіне ортақ екені этнограф-ғалым Ә. Төлеубаевтың еңбегінде тұжырымдалады (Төлеубаев, 1991: 160).

Сақ (скиф) әйелдері де «қасаба», «сәукеле» нұсқасына ұқсас ғұрыптық баскиімдер киіп, шаштарына кестеленген киіз шашбаулар таққан. Кендір жолаққа күлгін жібек мата тігіліп, оған тізбектеліп «он қораз» элементі тігілген баскиім үлгісі орта ғасырда табылған. Маңдайға тағылатын қыздардың баскиімі Маңғыстауда XIX ғ. және түрікмендерде кездеседі. Кестелеп тігілген қыздардың маңдайшасы «тәттілі» деп аталады. Ғұндардағы жібектен тігілген нұсқасы және кестеленіп, аң терісімен әдіптеп тігілген түрлері археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған.

Сақтардың кезінде тігілген *сәукелелерге* құстар, аң, жануарлар белгіленген алтын жапсырмалар тігілген. Алтын жапсырмаларда бейнеленген аң, құс, жануарлар тотем рөлін атқарса, қазақтар өздерінің ұлттық киімдеріне жыланнның, малдың сүйегін, құстың тырнағын, қауырсынын тұмар орнына таққан. Қазақтарда қасиетті құстардың бірі – үкі. Оның қауырсын жүнін бақсылар, сал серілер қадап жүрген. Үкіні әйелдер сәукеле, бөрік төбесіне таққан (Өмірбекова, 2015: 63).

Ал түрік қоғамының дәстүрлі өмір салтына сәйкес жас әрі бойдақ қыздар тым сәнді әрі көздің жауын алатын баскиім кимейді. Дегенмен тұрмысқа шыққаннан кейін олар алғаш рет сәнді киім – қалыңдық көйлектерін мұқият таңдайды. Қалыңдықты басқа әйелдерден ерекшелетін нәрсе – тек көйлек емес, сонымен қатар баскиімі, орамалы (*дувак*) және әшекейлер жиынтығы болып табылады. Үйлену салтанаты қоғамның мәдени ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Қалыңдық киіміндегі өзгерістер нәтижесінде баскиімдердің де түрлері өзгерген. Дәстүрлі қалыңдық киімдерінде ақ түсті орамалдың (*дувак*) қолданылуы «дәстүрлі киімнен қазіргі заманға өту» кезеңінің алғашқы белгісі ретінде саналады. Қалай болғанда да, қалыңдықтың киімі мен әшекейлері өзгерсе де, қызыл түсті орамал қолдану дәстүрі өзгермей сақталып келеді (Қош, Кауа Durmaz, 2018).

Түрік этномәдениетінде әйелдердің дәстүрлі киім-кешегі мен әшекейлік элементтерінің ең маңыздысы – баскиім болып табылады. Анадолы аймағында кең тараған «*baş bağlama*» (бас байлау) ұғымы көбіне тұрмысқа шығумен байланыстырылады. Бұл дәстүр бойынша, бойжеткен қыздар некеге дейін баскиімді мүлдем кимейді немесе өте қарапайым үлгілерін ғана қолданады. Ал тұрмысқа шыққан әйелдердің баскиімдері өзінің көркемдігімен, сәнділігімен және әшекейлерімен ерекшеленеді. Бұл – тек эстетикалық элемент емес, сонымен қатар әйелдің әлеуметтік мәртебесін білдіретін маңызды символ ретінде қабылданады.

Қазақ және түрік зерттеуші-ғалымдарының еңбектерінде екі туыс халықтың қалыңдық баскиімі және ондағы әшекейлерінің ұқсастығы мен арнайы жасалу сипатының өзара мәндес келуі байқалады. Қазақтың ежелгі дүниетанымында шаш адам жанымен байланыстырылып, оны күту мен сақтауға қатысты түрлі ырым-кәделер жасалған. Түскен шашты кез келген жерге тастамайды, егер оны құс тістеп кетсе, иесі ауруға ұшырайды деп есептеген (Ахметова, Әбдіғазизұлы, 2023: 143). Сондықтан қазақ сәукелесінде әшекейлер қатарында *зере* мен *ақбүркеншік* кездессе, түрік халқында да діни сенімге сай *duvak* қолданылады. Бұл да екі халық мәдениеті арасындағы ұқсас сипатты айқындайды. Дегенмен қазақ сәукелесі өзінің әшекейлерінің көптігімен, әр элементтің терең мазмұнымен ерекшеленсе, түрік қалыңдықтарының баскиімі өзінің арнайы түсімен, қосымша әшекейлерінің болатындығымен, діни сенімге негізделуімен сипатталады.

Зерттеу нәтижелері

Сәукеле атауының этимологиясы мен семантикалық мәні қазақ дүниетанымына сай зерттеушілер тарапынан түрлі сипатты құрайды. Мысалы, «*сау келді*», «*сау келуші*», «*сәуле*», «*шошайған бөрік*» (чокилә) «*сақтардың баскиімі*», «*сәуе*», «*сәу*» т.б. секілді сәукеле атауының пайда болуына қатысты пікірдің барлығы белгілі бір семантикалық мазмұнмен тұжырымдалған. «*Сау келді*», «*сау келуші*» – халықтың көшпелі өмір сүру салтына байланысты қалыңдықтың бір ауылдан екіншісіне барар ұзақ жолда аман келуімен байланыстырылса, «*сәуле*», «*сәу*» күн сәулесі мен ғарыштан сәуле төгуші мағынасын қамтиды. «*Сәуе*» – болашақ деген мағынаны береді. «*Сақ*» тайпасымен байланысты «*сақтардың баскиімі*» деп те тұжырымдалған. Сәукеле атауына тән мұндай әр тарапты этимологиялық әрі семантикалық тұжырымдар аталмыш баскиімнің халық пайда болғаннан бергі мифтік әрі тарихи, тұрмыстық астарлы таным-түсінігін танытады (Әзімбайқызы, 2025: 52).

Сәукеленің әшекеймен безендірілуі әр алуан болып келеді, сонымен қатар сәукеленің жаулығын *сулама* деп атайды. *Сәукеленің сырғасы* деп – салпыншағы мол, өзі ұзын да ауыр, салтанатты кездерде ғана байланатын әшекейді айтамыз. *Зере* (сәукеленің ішінен киетін баскиім) – конус пішінді киіз барқытпен тысталып, кенеппен астарланып тігіледі. Екі жақ самайына зертаспен көмкерілген барқыттан тігілген жақтама салбыратылады. *Төбелдірік* – (бергек) әйелдердің басына киетін әшекей атауы. *Маңдайша* – сәукеленің маңдайына тағатын асыл тасты күміс әшекей. *Былқылдақ* – үлкен моншақ, маржан. *Құйма төбелі сәукеле* – сәукеленің төбесіне тағылған, өрнектелген күмістен жасалған зергерлік бұйым. Сонымен қатар *ақ сәукеле* деп келіншектің сәукелесін айтамыз (Өмірбекова, 2015: 90-91). *Ақбүркеншік* – алғаш түскен келінге сәукеле сыртынан жабатын жамылғыш (Қайдауылқызы, 2012: 70).

Сәукеле – аса қымбат, бағалы, кәделі әрі әсем баскиім. Қазақтар сәукелені, басқа да баскиімдерді сәндік үшін ғана кимеген. Олардың әрқайсысы ұлтымыздың парасатын, тәрбиесін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін көрсететін мән-мағынасы бар құндылықтар. Ұлы дала заңы бойынша көшпенділер адам баласын фәниге келтіретін, ошақ отын қорғаушы ретінде әйелдерді құрмет тұтқан. Әйелдерді көшпенділерден артық қадірлеген ешқандай орта болмаған. Олар құдайдың, табиғаттың, адамдардың алдында да ерлермен тең дәрежеде болған. Біздің аруларымыздың ғажап баскиімі – сәукеле осы замандардан бастау алған сияқты. Оның биіктігі мен сәнделуі күнмен шағылысқан заңғар тау шыңдарын елестетеді. Сонымен қатар ол иесі қозғалғанда әсем дыбыстар шығарып сұлу қыздардың, кермаралдай керілген кербез келіншектердің әсем жүрісіне үн қосып, ару сыны мен сымбатын одан әрі ажарлай түскен. Мұндай сұлуды қазақтар «*сыңғырлаған күлкісіне сылдырлаған шолпысы үн қосады*» деп ардақтаған.

Шынында да, сәукеле, салпыншақтар мен сырғалар, алқа мен кеуде әшекейлері, білезіктер мен жүзіктерден тұратын қазақ қалыңдығының той көйлегі хандық сән-салтанатпен ерекшеленеді. *Сәукеле* – дүниенің үш деңгейлі үлгісін бейнелейтін жоғары семантикалық мәртебеге ие. Оның зерінде Ұмай құдайының сарыны әртүрлі стильдену дәрежесінде жиі

өзгеріп отырса, өсімдік текті гүлді ою-өрнек пен зергерлік бұйымдардағы дән шашыраңқы элементтері құнарлықты бейнелейді (Шайғөзова, 2023: 49).

Сәукеленің көркемдік безендірілуі үш бөліктен тұратын символдық-композициялық құрылымға негізделеді. Оның жоғарғы бөлігі немесе «жоғарғы әлемі» әдетте металл немесе соған ұқсас жарқыраған материалдармен ерекшеленіп безендіріледі. Дәстүрлі қазақ дүниетанымында адамның төбесі – тіршілік қуатының, құттың шоғырланған нүктесі ретінде қабылданады. Мифологиялық түсінікке сәйкес, дәл осы төбе арқылы Ұмай ана – түркі мифологиясындағы бала мен ананың жебеуші құдайы – жас келіннің құрсағына болашақ баланың жанын дарытады. Жоғарғы әлем – рухтар мекені, құдайлар қоныстанған кеңістік ретінде сипатталады. Сәукеленің келесі деңгейі – орта әлем, яғни адамдар өмір сүретін дүниенің бейнесі. Бұл әсіресе Батыс Қазақстан өңіріне тән сәукеле үлгілерінде айқын көрініс табады: мұндағы металл пластинкалар тізбегі босанатын әйелдің бейнесін еске салады. Зерттеушілердің кейбірі бұл образды ұрпақтар сабақтастығының рухани символына айналған Ұмай ананың бейнесі деп түсіндіреді. Ол әйелдің қорғаушысы және тектілік жалғастығының кепілі ретінде танылады. Композициялық құрылымның төменгі бөлігі – төменгі әлем – суда тіршілік ететін жануарлардың, атап айтқанда, құндыз, сарыкүзен немесе кейінгі үлгілерде түлкі терісімен әрленеді. Бұл – жер асты және су асты әлемін бейнелейтін элементтер. Сәукеле құрылымы арқылы үш әлемнің тұтастығы мен үйлесімі бейнеленеді. Ол жас келінді өмірлік сынақтардан қорғауға бағытталған сакралды рәміз ретінде қызмет етеді (Stasevich, 2016). Аталмыш сипаттағы қазақ сәукелесінің көрнекі үлгісі 1-суретте берілген.



1-сурет. ҚР Мемлекеттік Орталық мұражайындағы қазақ сәукелесінің үлгісі

Түрік халқының дәстүрлі киім-кешек мәдениетінде әйелдердің баскиімі мен сәндік элементтері маңызды орын алады. Бұл тұрғыда *başlık* (башлык) ұғымы Анадолы өңірінде неке ұғымымен тікелей байланысты қолданылады. Зерттеулерге сәйкес, бойжеткен қыздар үйленбей тұрып *başlık* (башлык) кимеген немесе өте қарапайым түрлерін пайдаланған. Ал керісінше, қалыңдықтарға тән башлыктардың көрнекті әрі сәнді болғаны атап өтіледі. *Башлык* сөзі *baş-бас* сөзіне *lık-лык* (есімнен зат есім тудыратын жұрнақтың) жалғануы арқылы жасалған. Қалыңдықтың басқа тағатын әшекейленген баскиімі. Анадолы өңірінде қалыңдықтар киетін дәстүрлі башлык баскиімдері айрықша сәнімен және символдық мағынасымен ерекшеленеді. Бұл баскиімдер әдетте бірнеше қабат жібек, мақта немесе барқыт сияқты сапалы маталардан дайындалады. Башлыктың беткі жағы түрлі түсті шыны

моншақтармен, кестеленген гүлді өрнектермен, үкі қауырсындарымен және металл тиындармен әшекейленеді.

Түрік қалыңдықтарының баскиіміндегі моншақтар – дәстүрлі түрде көз тиюден сақтайтын құрал ретінде қолданылады. Түрік қоғамында моншақтардың түрлі түстері, әсіресе, көк моншақ, сәттілік пен қорғаныс деген сенімді білдіреді. Олар қалыңдықтың тұрмысқа шыққанын және отбасының жаңа мүшесі ретінде қабылданғанын көрсетеді.

Ал металл тиындар – көбінесе алтын немесе күміс тиындар қалыңдықтың бас жаулығына тігіледі. Бұл элементтер дәстүрлі түрде отбасылық байлықты, мәртебені және қалыңдықтың үйіндегі экономикалық жағдайды бейнелейді. Сонымен қатар, тиындардың көптігі қалыңдықтың отбасында жаңа өмірдің басталғанын және оның дәстүрлер мен салттарды сақтайтын маңызды мүшесі екенін білдіреді. Үкі қауырсындары – қазақ, түрік және басқа да шығыс мәдениеттерінде қасиетті және рухани символ ретінде қабылданады. Үкі қауырсыны қалыңдықтың баскиіміне тігіліп, оған ерекше сән береді. Сонымен қатар, үкі қауырсыны қалыңдықтың таза ниетін, адалдықты және үй ішіндегі үйлесімділікті сақтауын білдіреді. Сондай-ақ, назардан (көз тиюден) сақтайды деген сеніммен көк көз бейнеленген тұмарлар – «*nazar boncuk*» - *назар бонжук*, көз тимесін деген мақсатта *көзмойыншақ* – жиі тігіледі. Әшекей элементтері тек сәндік қызмет атқармай, келіннің әлеуметтік жағдайын, отбасылық мәртебесін және жергілікті этнографиялық дәстүрлерін де білдіреді. Түрік қалыңдығының баскиімі және әшекейлерінің үлгісі 2-суретте берілген.



2-сурет. Анкара этнографиялық мұражайындағы қалыңдық баскиімі – *başlık* «башлык»

Қалыңдықтың баскиіміне тағылатын тағы бір сәндік әшекей – «*taç*» *тәж* ретінде сипатталады. Бұл тәждер гүл шоқтары немесе зергерлік әшекейлерден тұруы мүмкін және дәстүрлі тұрғыда қалыңдықтың баскиімі ретінде сипатталған. «*Taç*» сөзі арабша және парсы тілінде *tāc* «патшаның баскиімі» деген мағынаны білдіреді. (Özder, 1999: 10).

Анадолының әрбір өңірінде *kepez* (кепез), *al duvak*, (қызыл дувак) *tozak* (тозак), *çıga* (чыга) сияқты атаулармен танылған қалыңдық баскиімдерінің тамыры тереңге кетеді әрі олар қасиетті деп саналған. Бұл баскиімдер құстың қауырсындарымен, күмістермен және жылтырақ тастармен сәнделген. Османлы кезеңінде қалыңдықтар қауырсынды туға ие болған. Арнайы қалыңдыққа арналған асыл тастан (сом гауһардан) жасалған тәж үлкен баскиімге бекітіліп, бастың үстіне орналастырылған. Тәждің ұштары таспамен қалыңдықтың шашының

астына көрінбейтіндей етіп байланған. Тәждің артына өте ашық қызғылт түсті «қалыңдық туы» деп аталатын қауырсын инемен қадалып, оның ұштары баскиімнің төбесінен сол жаққа қарай салбыратылып қойылған (Cihan, 2021).

Анадолы өңірінде түрік әйелдері арасында *баишлык* пен бас байлайтын сәнді орамалдардың түрлерінің әлеуметтік мәнге ие екендігі байқалады. Мәселен, келіннің бас жаулығы, ажырасқан немесе жесір әйелдің бас жаулығы, тіпті баласыз әйелдің бас жаулығы – қоғамдағы әйел мәртебесін бейнелейтін маңызды белгі болған. Сондай-ақ, «Қыздың басы байланды», «Балалардың басы байланды» сынды тіркестердің қолданылуы бас байлаудың некелік мәртебені білдіретінін көрсетеді (Özdemir, 2009: 41).

Анадолы аймағының халықтық киім үлгілерінде «*fes*» (*фес*) баскиімі ерекше орын алады. Этнографиялық деректерге сәйкес өткен ғасырларда өңір халқы шұға матасынан арнайы қалыпта пішінделген, төбе жағына пүскіл тағылған *фес* түрін қолданған. Қазіргі таңда бұл дәстүр «*дувак күні*» деп аталатын, қалыңдықтың үйленуінен кейінгі күні өткізілетін салтанатты рәсімде жалғасын табууда.

Фес баскиімі жүн жіппен тығыз ілмектеп тоқу (сұрма ілмек) техникасы арқылы жасалады және құрылымы екі бөліктен тұрады. Олар: дөңгелек төбе мен жіңішке әрі ұзынша қаптал бөлік. Баскиімнің формасының тұрақтылығы мен қаттылығын қамтамасыз ету мақсатында ол тоқылған соң арнайы крахмалданып, қатайтылып дайындалады. Фестің маңдай тұсына жазусыз матадан жасалған «*чеки*» деп аталатын жіңішке орамал оралады, оның ұштары фестің артқы жағына бүктеліп, көзге түспейтіндей етіп ішке кіргізіледі. *Чекидің* үстіне «*алын алтындары*», яғни «маңдай алтындары» деп аталатын әшекейлер бекітіледі. Бұл алтын әшекейлер қызыл түсті лентаға тізілген ұсақ алтын теңгелерден тұрады және олардың саны мен сапасы отбасылық материалдық жағдайға тікелей байланысты анықталады. Маңдай алтындары тек эстетикалық қызмет атқарып қана қоймай, қалыңдықтың әлеуметтік мәртебесін білдіретін мәдени-символдық элемент ретінде де маңызға ие.

«*Тепелік*» (*тепелік*) – әйелдер баскиімінің сәндік әшекейі, қалыңдық *фесінің* үстіне немесе тікелей шаштың үстіне тағылатын сәндік бұйым. Ол көбіне күміс немесе алтыннан жасалып, фесті толықтай немесе жартылай жабатын дөңгелек, күмбез тәрізді немесе тостаған пішінінде келеді. Әшекейлеу тәсілдері әртүрлі, көбіне өсімдік тектес өрнектермен безендіріледі.

Тепеліктің алдыңғы жағынан салбырап тұратын тізбектер еркіндік пен тәуелсіздікті, ал олардың ұштарына тағылған алтын және күміс теңгелер береке мен молшылықты білдіреді. Бұл элементтер эстетикалық қызметтен бөлек, әйелдің отбасындағы орны мен әлеуметтік мәртебесін де бейнелейтін мағыналық-символдық компоненттер ретінде қарастырылады (Özdemir, 2016).

Осман империясы кезеңінен келе жатқан баскиім – «*duvak*» (*дувак*) – қалыңдықтың әке үйінен күйеу үйіне аттанар сәтінде киетін дәстүрлі баскиімі. Ол жоғары қарай сүйірленіп келген ұзын күләпара тәрізді ерекше пішінді. Оның сыртынан жабылатын «*ал дувак*» деп аталатын жамылғысы – қызыл түсті, жұқа, қолмен тоқылған мақта матадан дайындалады. Бұл тек сәндік шүберек емес, оның қызыл түсі – қан, өмір, құнарлылық және жаңа бастаманың белгісі ретінде қабылданады. *Дувақтың* артқы бөлігіне қызыл матаға гүлді өрнекпен безендіріліп қосылып тігіледі, бұл – аналық, табиғат және ұрпақ жалғастығының символы.

Қалыңдықтың басына алдымен үлкен ақ матадан (шаршы немесе жайма) биік хұн тәрізді тұлға жасалып, жоғары көтеріңкі етіп оралады. Бұл – қалыңдықтың жаңа өмірге көтерілуін, отбасындағы жаңа мәртебесін бейнелейді. Оның үстінен *ал дувак* жабылып, ол тізеге дейін түседі, яғни қалыңдықтың ұяндығы мен инабаттылығын білдіретін көркем жамылғы қызметін атқарады.

Дәстүр бойынша, бұл баскиім қалыңдықтың бетін толық жауып тұрады, сырт көзге көрінбейді, бірақ келін өз айналасын шектеулі түрде көре алады. Бұл – қалыңдықтың енді өз ортасын сырттай бақылаушы емес, ішкі әлемнің бір бөлігіне айналып келе жатқанын

білдіретін символдық көшу кезеңі. Баскиімнің алдыңғы жағындағы дөңгелек төбе формасы – тұтастық пен үйлесімнің белгісі. Оның астынан айналдыра «гелин алы» деп аталатын таспа өткізіліп, ол бастың артқы жағында түйіледі. Бұл таспа – қалыңдықтың жаңа отбасыға байлануын, яғни оның өз шаңырағындағы рөлін қабылдап, бекінуін бейнелейді (Aktepe, Erol, 2019).

Қалыңдықтың басына тағылатын әшекей элементтердің бірі ретінде *дувакпен* қатар, ерекше символикалық мәнге ие *gelin teli* (*қалыңдықтың күмістен жасалған әшекей жіп немесе жіңішке әшекейленген күміс сым, шаибау тәрізді*) де маңызды орын алады. Бұл – қалыңдықтың басынан бастап тізесіне дейін, кейде жерге дейін жететін, ені 1-2 мм болатын жіңішке әрі ұзын күміс сымдардан тұратын әшекей түрі. Ол көбінесе нәзік жылтырап тұратын талшықтардан немесе сымнан жасалып, қалыңдықтың сұлулығын арттырып қана қоймай, белгілі бір наным-сеніммен де байланысты болған. Қалыңдықтың күміс шелі элементіне қатысты халық арасында мынадай сенім қалыптасқан: үйлену жасындағы қыз сол шелден үлес алса, ол қыздың бағы ашылып, тұрмысқа шығу уақыты жақындайды деген түсінік болған (Aydemir, 2013: 645). Алайда, XX ғасырдың ортасына таман бұл әшекейді басқа тағу дәстүрі өз өзектілігін жоғалтты. Соның нәтижесінде, қалыңдықтың күміс шелі қазіргі уақытта көбінесе қалыңдық гүлшоғында сәндік элемент ретінде ғана қолданыла бастады.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде қазақ және түрік халықтарының қалыңдық баскиімдеріндегі әшекейлері мен олардың атауларының өзара ұқсас сипаттарының басымдығы айқындалды. Қазақ және түрік халықтарының діни ұстанымдары мұсылман дініне сай ұқсас болғандықтан қалыңдықтың баскиімінің әр элементі белгілі бір мағынаны артып, оның көлемді әрі жабық болуы, шашты жасыруы, түсі, алтын мен күміс элементтердің, үкі қауырсынының т.б. кездесуі тұрмыс құрғалы жатқан қыздың тәрбиесі мен мәдениетін, инабаттылығын, көркем мінезін, әлеуметтік мәртебесін, отбасының экономикалық ерекшелігін көрсететін, ділі мен дінін танынатын құндылықтар екенін түсіндік.

Қазақ қалыңдығының баскиімі – сәукеледегі әшекейлердің көптігі, оның материалы мен әр детальдің этимологиялық, функционалдық мағынасы мен атауының семантикалық мәні көбінесе халықтың тұрмысы мен географиялық орналасу ерекшелігін, еркіндігін, дәстүрін, ертеден қалыптасқан салттары мен наным-сенімдерін, қыз баласына деген айрықша құрметті білдіреді. Оның үстіңгі, ортаңғы және төменгі бөлімінің үш түрлі әлемді білдіруі – қазақ дүниетанымындағы табиғат пен әлем туралы түсінікті аңғартады. Ал түрік халқының қалыңдық баскиіміндегі әшекейлері ұлттың діни ұстанымдарының беріктігін, халықтың арман-тілегіне байланысты элементтерді, әсіресе қалыңдықтың өзге отбасы мүшесіне айналуына қатысты қағидаларды белсенді қамтитыны байқатады.

Қазақ және түрік халықтарының қалыңдық баскиім әшекейлерінің түрлері мен атауларының көрінісі, сипаты, белгілі бір элементтері этномәдени ерекшеліктерге ие болғанымен, өзара ұқсастық жиі байқалды. Мәселен, қазақ сәукелесі мен түрік башлығына тән металл, алтын, күміс әшекейлер, салпыншақтар, ақ желпілдек орамал, көбінесе қызғылт түстің қолданылуы, екеуінде де қыздың шашы мен реңін сырт көзден жасыруға тырысуы, көз тиюден сақтау үшін тағылатын әртүрлі элементтер, ең бастысы – қалыңдық баскиімі мен әшекейлерінің мән-мағынасының тамыры дүниетаным мен мәдениеттер байланысын, ұқсастығын дәлелдейді.

Қорытынды

Қазақ және түрік халықтары үшін әйел адамның рөлі зор болғандықтан, оның әртүрлі әлеуметтік мәртебесіне сай ұлттық киім сипаты да маңызды орын алады. Әйел – ошақтың қорғаушысы. Сондықтан қыз баланың тұрмыс құруында киетін қалыңдық киімінің әр элементі белгілі бір ұлттық-мәдени мән-мағынаға ие. Бұл тек материалдық емес, ұлттық мәдени және рухани кодынан хабар беретін құнды ақпараттық белгі.

Қазақ халқының қалыңдықтарының баскиім әшекей бұйымдары халық тұрмысының

сипатына, кәсібіне сай, наным-сенімдеріне, діні мен діліне сай пайда болғаны белгілі болды. Сонымен қатар қазақ халқы қыз баланың жасы мен әлеуметтік мәртебесіне ерекше көңіл бөлетіні және сол танымның киімде көрініс табатыны байқалды. Түрік халқының да қалыңдық баскиімдері ұлттың ділі мен мәдениетіне сәйкес жасалған. Әсіресе түрік халқы қалыңдық киімін діни сенімдерімен байланыстырған. Ұлттық баскиіммен қатар қалыңдықтың басын жауып тұратын арнайы орамалдың қатар қолданылуы халық танымындағы әйел адамның басы үнемі жабық болуы керек деген түсінікке байланысты туған.

Зерттеу жұмысында қазақ және түрік халықтарына тән қалыңдық баскиімдеріндегі әшекей атауларының семантикалық мәні айқындалып, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтардың мазмұны сараланды. Қалыңдық баскиімдерінің түрлері және олардың әшекей бұйымдарының атауы, мазмұны, этномәдени ерекшеліктері талданды. Қазақ халқының қалыңдық баскиімі – *сәукеле* және оның әшекей бұйымдарының атаулары мен олардың лексикалық мағынасы, жасалу сипаты айқындалды. Түрік халқының қалыңдық баскиімі – *başlık* пен *duvak*-тың типологиясы мен атаулардың семантикалық мәні анықталды.

Қазақ және түрік секілді туыстас халықтардың қалыңдық баскиімдерінің әшекей бұйымдарының функционалдық сипаты мен атаулардың лингвистикалық негізі бақыланып, талданды. Салыстырмалы талдау негізінде екі халыққа тән қалыңдық баскиім әшекейлерінің этномәдени мәні мен рухани дүниетанымдық негізінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды, атаулардың лингвомәдени сипаты бақыланды.

Зерттеу нәтижесінде қазақ және түрік халықтарына тән қалыңдық баскиімдерінің әшекей бұйымдары назарға алынып, олардың түрлері, атаулары, мазмұндық және функционалдық құндылығы айқындалды. Екі халықтың мәдениеті мен дүниетанымы арасындағы ұқсас сипаттарының жиілігі анықталып, дін мен діл сипатына сай жүйеленді.

Зерттеу жұмысында анықталған екі халықтың қалыңдық баскиім әшекейлерінің көрнекі сипаты нақты қазақ және түрік халықтарының ұлттық мұражайларындағы жәдігерлердің фотосуреті негізінде ұсынылды (1-2 суреттер). Бұл жұмыста талданған теориялық ақпараттың нақты практикалық әрі материалдық бейнесін тануға мүмкіндік береді. Баскиім мен әшекей атауларының лингвистикалық, семантикалық мағынасының, этномәдени негізін және функционалдық сипатын жан-жақты талдау жұмыстың ғылыми жаңалығын айқындады. Аталмыш тақырып материалдық құндылықтың рухани құндылық ретіндегі көрінісінің, мәдениетаралық байланыстың терең пәнаралық өзегін жаңғыртуда маңыздылығын жоймайды.

Әдебиет:

Aktepe, Erol, 2019 – *Aktepe Ş., Erol E. Osmanlı Dönemi Gelinlikleri ve Gelin Başlıkları // The Journal of Social Science. 2019. 5. S. 339–349.*

Асанова, 2011 – *Асанова С. Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы / А. Птицина. Астана: Фолиант, 2011. 160 б.*

Ахметова, Әбдіғазизұлы, 2023 – *Ахметова А., Әбдіғазизұлы Б. Зейнолла Сәніктің «Шаштағы шарапат» әңгімесіндегі этно-фольклорлық символ қызметі // Ясауи университетінің Хабаршысы. 2023. № 4(130). Б. 139–149.*

Aydemir, 2013 – *Aydemir A. Türk Dünyasında Bazı Dügün Terimleri ve ‘Al Duvak’ Geleneği Üzerine // International Periodical for the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic. 2013. 8(9). S. 619–655.*

Әзімбақызы, 2025 – *Әзімбақызы Э.М. Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттер: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2025. 184 б.*

Ибрагимов, 1972 – *Ибрагимов И.И. Этнографические очерки киргизского народа // Русский Туркестан. 1972. вып. II. С. 141.*

Зергерлік өнер әлемі, 2017 – *Зергерлік өнер әлемі. Құрастырғандар: Ж.А. Тұрлыбекова, Ұ.К. Каюпова, С. Аманова. Алматы: Қазақпарат, 2017. 453 б.*

Коç, Kaya Durmaz, 2018 – Коç F., Kaya Durmaz L. Moda Süreci Bağlamında Gelin Başlığı Tazimlerinde Estetik Değerler ve Tasarım Özelliklerindeki Değişim: Giresun İli Şebinkarahisar Örneği // Akademik Bakış Dergisi. 2018. 69. S.12-30.

Қайдар, 1985 – Қайдар Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. № 10. Б. 24–25.

Қайдауылқызы, 2012 – Қайдауылқызы F. Киелі кимешек: Фотоальбом. Алматы: Өнер, 2012. 240 б.

Қасиманов, 1995 – Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1995. 240 б.

Өмірбекова, 2015 – Өмірбекова М.Ш. Қазақ ұлттық киімінің этномәдени лексикасы. Алматы: Дәуір, 2015. 319 б.

Özder, 1999 – Özder L. İç Anadolu bölgesi geleneksel kadın başlıkları. Ankara: Kültür Bakanlığı-HAGEM Yayınları, 1999. 334 s.

Özdemir, 2009 – Özdemir M. Bolu ilinde geleneksel kadın başlıkları // Art-e Sanat Dergisi. 2009. 3. S. 1–15.

Cihan, 2021 – Cihan C. Türk Kam (Şaman) ve Kadın Başlıklarında Kuş Tüyünün Kullanılması // Türk ve İslam Dünyası Sosyal Araştırmalar Dergisi. 2021. 8(31). S. 104–118.

Stasevich, 2016 – Stasevich I. Kazakh women wedding headdress in the MAE RAS collection. [Electronic resource] URL: https://www.researchgate.net/publication/318272971_Kazakh_Women_Wedding_Headdress_in_the_MAE_RAS_Collection (Date of reference: 25.07.2025).

Толеубаев, 1991 – Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX–начало XX в.). Алматы: Ғылым, 1991. 289 с.

Шайғозова, 2023 – Шайғозова Ж.Н. Қазіргі Қазақстанның қолөнері атласы. Алматы: ҚазҒЗМИ, 2023. 250 б.

References:

Aktepe, Erol, 2019 – Aktepe Ş., Erol E. Osmanlı Dönemi Gelinlikleri ve Gelin Başlıkları [Ottoman-era wedding dresses and Bridal hats] // The Journal of Social Science. 2019. 5. P. 339–349. (in Turk).

Asanova, 2011 – Asanova S. Kazakhtyn ulttyk kiimderi zhane koloneri tarikhly [History of Kazakh national costumes and crafts] / A. Ptitsina. 2011. Astana: Foliant. 160 p. (in Kaz).

Akhmetova, Abdigaziuly, 2023 – Akhmetova A., Abdigaziuly B. Zeynolla Saniktin «Shashtagy sharapat» angimesindegi etno-folklorlyk simvol kyzmeti [Ethno-folklore symbol in Zeynolla Sanik's short story «The Blessing in the Hair»] // Yasau universitetinin Khabarshysy. № 4(130). 2023. P. 139–149. (in Kaz).

Aydemir, 2013 – Aydemir A. Türk Dünyasında Bazı Düğün Terimleri ve ‘Al Duvak’ Geleneği Üzerine [Some Wedding Terms in the Turkic World and the Tradition of ‘Al Duvak’] // International Periodical for the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic. 8(9). 2013. P. 619–655. (in Turk).

Azimbaykyzy, 2025 – Azimbaykyzy E.M. Kazak zhane turik etnostarynyn ulttyk kiim diskursyn kalypstastyrudagy lingvoadeni komponentter [Linguistic and cultural components in the formation of the discourse of national dress of Kazakh and Turkish ethnic groups]: filosofiya doktory (PhD) darezhesin alu ushin dayyndalghan dissertatsiya. 2025. Almaty. 184 p. (in Kaz).

Cihan, 2021 – Cihan C. Türk Kam (Şaman) ve Kadın Başlıklarında Kuş Tüyünün Kullanılması [The Use of Bird Feathers in Turkish Kam (Shaman) and Women's Headwear] // Türk ve İslam Dünyası Sosyal Araştırmalar Dergisi. 8(31). 2021. P. 104–118. (in Turk).

Ibragimov, 1972 – Ibragimov I.I. Etnograficheskiye ocherki kirgizskogo naroda [Ethnographic sketches of the Kyrgyz people] // Russky Turkestan. iss. II. 1972. P. 141. (in Rus).

Kaydar, 1985 – Kaydar A.T. Etnolingvistika [Ethnolinguistics] // Bilim zhane enbek. № 10. 1985. P. 24–25. (in Kaz).

Kaydaulykzy, 2012 – *Kaydaulykzy G.* Kiyeli kimeshek [Holy Kimeshek]: Fotoalbom. 2012. Almaty: Oner. 240 p. (in Kaz).

Kasimanov, 1995 – *Kasimanov S.* Kazak khalkynyn қолонери [Crafts of the Kazakh people]. 199. Almaty: Kazakstan. 240 p. (in Kaz).

Koç, Kaya Durmaz, 2018 – *Koç F., Kaya Durmaz L.* Moda Süreci Bağlamında Gelin Başlığı Tazimlerinde Estetik Değerler ve Tasarım Özelliklerindeki Değişim: Giresun İli Şebinkarahisar Örneği [Changes in Aesthetic Values and Design Features in Bridal Headwear Arrangements in the Context of the Fashion Process: The Example of Shebinkarahisar, Giresun Province] // Akademik Bakış Dergisi. 69. 2018. P.12–30. (in Turk).

Omirebekova, 2015 – *Omirebekova M.Sh.* Kazak ulttyk kiiminin etnomadeni leksikasy [Ethnocultural vocabulary of Kazakh national clothes]. 2015. Almaty: Daur. 319 p. (in Kaz).

Özder, 1999 – *Özder L.* İç Anadolu bölgesi geleneksel kadın başlıkları [Traditional women's headdresses of the Central Anatolia region]. 1999. Ankara: Kültür Bakanlığı-HAGEM Yayınları. 334 p. (in Turk).

Özdemir, 2009 – *Özdemir M.* Bolu ilinde geleneksel kadın başlıkları [Traditional women's headdresses in Bolu province] // Art-e Sanat Dergisi. 3. 2009. P. 1–15. (in Turk).

Stasevich, 2016 – *Stasevich I.* Kazakh women wedding headdress in the MAE RAS collection. [Electronic resource] URL: https://www.researchgate.net/publication/318272971_Kazakh_Women_Wedding_Headdress_in_the_MAE_RAS_Collection (Date of reference: 25.07.2025). (in Eng).

Shaygozova, 2023 – *Shaygozova Zh.N.* Kazirgi Kazakstannyn koloneri atlasy [Atlas of crafts of modern Kazakhstan.]. 2023. Almaty: KazFZMI. 250 p. (in Kaz).

Toleubayev, 1991 – *Toleubayev A.T.* Relikty doislamskikh verovany v semeynoy obryadnosti kazakhov (XIX – nachalo XX v.) [Relics of pre-Islamic beliefs in Kazakh family rituals (19th–early 20th centuries)]. 1991. Almaty: Gylym. 289 p. (in Rus).

Zergerlik oner alemi, 2017 – *Zergerlik oner alemi* [World of jewelry art]. Kurastyrgandar: Zh.A. Turlybekova, U.K. Kayupova, S. Amanova. 2017. Almaty: Kazakparat. 453 p. (in Kaz).

¹Юлдашева В.А. ²Ахметбекова А.К.

^{1,2}Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
E-mail: ¹venerayuldasheva@inbox.ru , ²aaxbota@gmail.com

ОПИСАНИЕ НАЗВАНИЙ УКРАШЕНИЙ НА ГОЛОВНЫХ УБОРАХ КАЗАХСКИХ И ТУРЕЦКИХ НЕВЕСТ

Аннотация. В представленной статье проводится сравнительный анализ символического, социального и лингвокультурного значения украшений казахских и турецких женщин в традиционных свадебных головных уборах с этнолингвистической точки зрения. Целью исследовательской работы является определение культурных кодов и мировоззренческих позиций, характерных для казахской и турецкой национальностей, на основе семантического характера названий украшений в свадебных головных уборах. В статье рассматривается типология свадебных головных уборов в казахской и турецкой культуре, их роль как показателя культурной деятельности и социального статуса. Особое внимание было уделено и проанализировано значение и особенности применения золотых и серебряных бус, перьев совы, амулетов «назар бонжук», шолпы, брелков и вывесок, которые носят на таких видах головных уборов, как саукеле, борик, фес, дувак, башлык, тепелык. Перечисленные названия повысили практический характер работы как основа исследовательского материала. Сравнительный систематизированный анализ этнокультурного значения наименований украшений на казахском и турецком языках впервые определяет научную новизну исследовательской работы. Задача исследования-проанализировать значение языковых

названий элементов национальной одежды и дать лингвокультурную характеристику. В ходе выполнения данной задачи реализованы методы контроля, обобщения, лексического и семантического, сравнительного анализа имен. В результате исследования была выявлена глубокая смысловая структура и культурная функция украшений через религиозные верования, социальные сигналы и языковые единицы, встречающиеся в традициях двух родственных народов, а также установлена связь между национальной одеждой и выражением в языке.

Ключевые слова: свадебный головной убор, традиционная одежда, саукеле, фес, дувак, национальное украшение, лингвокультура, этнолингвистика, казахская и турецкая культура.

¹Yuldasheva V.A. ²Akhmetbekova A.K.

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹venerayuldasheva@inbox.ru , ²aaxbota@gmail.com

DESCRIPTION OF THE NAMES OF JEWELRY ON THE HEADDRESSES OF KAZAKH AND TURKISH BRIDES

Abstract. This article provides a comparative analysis of the symbolic, social, and linguistic-cultural significance of Kazakh and Turkish women's jewelry in traditional wedding headdresses from an ethnolinguistic perspective. The aim of the research is to identify the cultural codes and worldview positions characteristic of the Kazakh and Turkish nationalities based on the semantic nature of the names of jewelry in wedding headdresses. The article examines the typology of wedding headdresses in Kazakh and Turkish culture, their role as an indicator of cultural activity and social status. Particular attention was paid to and analyzed the significance and peculiarities of the use of gold and silver beads, owl feathers, “nazar bonjuk” amulets, sholpy, key rings, and signs worn on such types of headwear as saukele, borik, fez, duvak, bashlyk, and tepelik. The names listed above enhanced the practical nature of the work as a basis for research material. A comparative systematic analysis of the ethnocultural significance of the names of jewelry in the Kazakh and Turkish languages determines the scientific novelty of the research work for the first time. The aim of the study is to analyze the meaning of the linguistic names of elements of national clothing and to provide a linguistic and cultural description. In the course of this task, methods of control, generalization, lexical and semantic, and comparative analysis of names were implemented. The study revealed the deep semantic structure and cultural function of jewelry through religious beliefs, social signals, and linguistic units found in the traditions of two related peoples, and established a connection between national clothing and expression in language.

Keywords: wedding headdress, traditional clothing, saukele, fez, duvak, national decoration, linguoculture, ethnolinguistics, Kazakh and Turkish culture.

Авторлар туралы мәлімет:

Юлдашева Венера Аббасовна, PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Ахметбекова Ақбота Карибаевна, филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Юлдашева Венера Аббасовна, PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Ахметбекова Ақбота Карибаевна, к. филол. н, ассоциированный профессор, доцент кафедры Ближнего Востока и Южной Азии, Казахский национальный университет им. аль-

Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Yuldasheva Venera Abbasovna, PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Akhmetbekova Akbota Karibayevna, PhD in Philology, Associate Professor, Associate Professor of the Department of Middle East and South Asia, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.